Қаскелеңдегі көлік кептелісі: халыққа салмақ болған мәселе

Қаскелең – Алматы бағытындағы жолдың 19–27 шақырымы, яғни Қаскелең мен Үлкен Алматы айналма автомобиль жолы аралығы, ұзақ уақыттан бері көлік қозғалысы көп болатын учаскелердің бірі. Қарбалас уақытта бұл жолда көліктердің көптігінен ұзын-сонар кептеліс пайда болады. Бұған Алматыға күн сайын облыстан яғни Ұзынағаш,үмбпталі сияқты қатынайтын мыңдаған көлік және жолдың өткізу мүмкіндігінің шектеулі болуы әсер етеді. Студентер қалаға шғатн болса кешікпеу үшін алдын ала 2/3 сағат ерте шығуы тиіс.

Көлік кептелісі тұрғындардың күнделікті өміріне кері әсер етеді. Біріншіден, адамдардың жолға кететін уақыты көбейеді. Екіншіден, ұзақ уақыт көлікте отыру жүргізушілер мен жолаушыларға қолайсыздық туғызады. Сонымен қатар көліктердің бір жерде ұзақ тұруы қоршаған ортаға шығарылатын зиянды заттардың көлемін арттыруы мүмкін. Кептеліс жедел жәрдем, өрт сөндіру сияқты арнайы қызметтердің қозғалысына да кедергі келтіруі ықтимал.

Мәселені шешу үшін «Алматы – Қаскелең» жолын 8 жолаққа дейін кеңейту жұмыстары басталды. Жоба бойынша жолдың 8 шақырымдық бөлігі жаңғыртылып, көлік айрықтары мен жаяу жүргіншілер өткелдері салынады. Ресми мәлімет бойынша, бұл жолдың өткізу қабілетін арттырып, кептелісті азайтуға бағытталған. Жұмыстарды 2027 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланған.

Кептелісті азайтудың тағы бір жолы – қоғамдық көлікті дамыту, бағдаршамдардың жұмысын тиімді реттеу және балама жолдарды көбейту. Сонымен бірге жүргізушілердің жол қозғалысы ережелерін сақтауы да маңызды.

Қорытынды: Қаскелеңдегі көлік кептелісі – тек жүргізушілердің емес, күн сайын осы бағытта қатынайтын мыңдаған тұрғынның мәселесі. Сондықтан жол инфрақұрылымын дамыту, қоғамдық көлікті жақсарту және қозғалысты дұрыс ұйымдастыру бұл мәселені біртіндеп шешуге мүмкіндік береді.